

МРНТИ 16.01.33

С.Б. Бектемирова<sup>1</sup>, З.А.Умирова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценты, ф.ғ.к., Алматы қаласы, Қазақстан

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Ғылым ордасы» кешенінің базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының бірлескен білім беру бағдарламаларының 2 курс магистранты, Алматы қаласы, Қазақстан

## ТЕРМИНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

**Аннотация:** Тілдің даму үдерісі үздіксіз жүріп жататын құбылыс. Жаңадан енген терминдер тілдің лексикалық қорын байытады әрі терминологиялық лексика қабатының дамуына өзіндік үлес қосады. Қоғамда қолданысқа енген кез келген термин – қоғам тарарапынан қолдауды, тілдік түрғыдан жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан термин жасау, қалыптастыру, терминологияны жүйелуе, реттеу жұмыстарын дұрыс жолға қою, жалпы ғылыми-техникалық терминологияның даму бағытын белгілеу – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелері болып табылады.

Бұл макалада отандық және шетелдік терминология ғылымының теория-лық және практикалық негізі туралы мәліметтер беріліп, олардың артықшылығы мен кемшіліктері озара салыстырылады.

**Тірек сөздер:** термин, терминология, терминография, интернационализация, деинтернационализация

С.Б. Бектемирова<sup>1</sup>, З.А.Умирова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, доцент кафедры общего языкознания и европейских языков, канд.филол.н., Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>магистрант 2 курса совместных образовательных программ научно-исследовательских институтов на базе Казахского национального университета им. Аль-Фараби и комплекса «Ғылым ордасы», Алматы, Казахстан

## ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ

**Аннотация.** Процесс развития языка – непрерывное явление. Новые термины обогащают лексическую базу языка и способствуют развитию терминологической лексики. Любой термин, используемый в обществе, требует общественной поддержки, лингвистической систематизации. Поэтому создание, формирование, систематизация терминологии, регламентация, определение направления развития общенаучной и технической терминологии – актуальные вопросы современности.

В данной статье приводятся сведения о теоретических и практических основах отечественной и зарубежной терминологии, сопоставляются их преимущества и недостатки.

**Ключевые слова:** термин, терминология, терминография, интернационализация, деинтернационализация

S. B. Bektemirova<sup>1</sup>, Z.A. Umirova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Associate Professor of the Department of General Linguistics and European Languages, Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>2nd year master student of joint educational programs of research institutes on the basis of the Kazakh National University named after Al-Farabi and the «Gylым Ordasy» complex, Almaty, Kazakhstan

## THEORETICAL AND PRACTICAL BASIS OF TERMINOLOGICAL SCIENCE

**Annotation.** The process of language development is an uninterrupted phenomenon. New terms enrich the lexical base of the language and contribute to the development of terminological vocabulary. Any term used in society requires social support, linguistic systematization. Therefore, the creation, formation, systematization of terminology, regulation, definition of directions of development of general and technical terminology - current issues of modernity.

This article provides information about the theoretical and practical foundations of domestic and foreign terminology, comparing their advantages and disadvantages.

**Keywords:** term, terminology, terminography, internationalization, deinternationalization

Бізде күні бүгінге дейін «терминология» термині «тілдегі бүкіл терминдер жиынтығы» және сол «терминдер туралы ілім» деген ұғымдарды білдіріп келді. Соңдықтан да болса керек термин жайын сез еткен еңбектерде ұлттық терминологиялық лексика мен термин туралы ғылым термінтанудың даму тарихын, қалыптасуын тұтастықта, оларды бөлмей, бір атаумен белгілей отырып қарастыру байкалады. Біздіңше, мұның ара жігін ажыратып, әр ұғымды өзінің негізгі белгілеріне қарай атаумен айрықшалағанымыз жөн. Әдетте кез келген ғылым өзінің қарастыратын нысанын зерттеу, оның купияларын ашу, даму және өзгеру зандаудың анықтау қажеттілігінен туындауды, пайда болады. Сол сияқты ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңа ұғымдардың атаулары, терминдер саны арта келіп терминологиялық лексика қалыптасты. Ал терминдердің жасалуын, олардың мағыналарының өздері белгілейтін ұғымдарына сәйкес келуін, өзге тілдерден қабылдануын, тілдік және логикалық түрғыдан жүйеленуін қамтамасыз ету қажеттілігінен термінтану ілімі пайда болды. Ендеше, бізге терминологиялық лексиканың қалыптасуы мен оны зерттейтін ілімнің пайда болу, даму тарихын да соган сәйкес нақтылай отырып қарастырған қысынды болса ке-рек. Әрине, бұдан оларды бір-бірінен мулде бөлек, байланыссыз қарау керек деген түсінік тумауға тиіс.

Ұлттық терминдердің қалыптасу тарихы ұлттық әдеби тілдің дамуымен тығыз байланысты. Ол терминологиялық лексиканы құрайтын атауларды шығу тегіне (кайтілден енгендігіне), жасалу жолы мен кезеңіне қарай бірнеше дәүірге бөле отырып, тарихи түрғыдан зерттеуді қажет етеді. Ал термин туралы ғылым терминтанудың қалыптасу, даму тарихы XX ғасырдан бастау алады. Алайда терминтану тарихын XV ғасырдан бастауды ұсынатын да ғалымдар бар. Мәселең, физиолог ғалым Жандар Керімбектің Ермакханы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінде кездесетін атауларды көлтіре отырып, терминтану тарихын осы еңбек жарық көрген кезеңнен бастау керек деп санайды. Терминтану ғылымын қазакша *атаутану* деп атауды ұсынатын ол «Алғашқы қазак атаутану ғылымының негізі 1468 жылы қаланғанын білдік. Қазақ атаутануының мыңжылдық тарихы бар, яғни Ресейдің белгілі қаланғанда, әлі Еуропада терминология ғылымы жоқ кезде, қазақ елінде негізі қаланған» деген пікір айтады. Ғалым пікірі терминтану ғылымының емес қазақ терминологиясының, оның ішінде медициналық термино-логияның даму тарихы туралы сез болғанда ескерілгені жөн болса керек. Қазақ тіліндегі термин шығармашылығының бастауларын іздегендеге «Шипагерлік баянды» ескеруісіз қалдырмау керектігі анық. Жалпы О.Тілеуқабылұлының бұл еңбегінің тілі мен ондағы терминдерді арнайы зерттеген орынды. Соңдаған біз нақты деректерге сүйене отырып, тиисті тұжырымдар жасай аламыз.

«Қазақ терминологиясының жасалуын, дамуын және қалыптасуын зерттеуді, біздіңше, Октябрь революциясынан бастау керек. Бұл кезеңде малшаруашылығы, халық медицинасы; жер бедері, есімдіктер дүниесі т.б. салалардан жасалған халықтық кәсіби сөздер, атаулар болды, бұлар революциядан кейінгі дәүірде ғылыми терминологияға үлкен бір сала болып енгенін айқындау қажет»[1].

Тілші ғалым А.Әбдірахмановтың бұл пікірі де жеке салалардың терминдерінің, терминологиясының қалыптасуына қатысты айтылған. Мұны терминтанудың ғылым ретінде қалыптасуы деп қараудың және оны Октябрь революциясымен байланыстырудың негізі бар деп айтуда қынан.

Бізде қазақ тіл білімінің ғылыми негізінің қалануын А.Байтұрсынұлы есімімен байланыстырып, оны XX ғасырдың басынан басталады деген пікір бар. Ал терминтанудың тіл білімінің, оның ішінде лексикологияның койнауында пайда болған ғылым екендігін мойындасақ, онда терминтанудың тарихын да қазақ лингвистикасының тарихымен байланыста қарау керек. Сол түрғыдан келгенде терминтанудың өткен жүзжылдықтары дамуын бірнеше кезеңге бөліп қарауға болады. Отандық терминтанудың негізінің қалана бастауының алғашқы кезеңі қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы есімімен тығыз байланыста қараган жөн. Ғалым өзі жасап қолданысқа енгізген жүздеген терминдері арқылы терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды термин шығармашылығында ұтымды пайдаланудың, ұлттық терминжасам үлгілерін қалыптастырудың жолын көрсетті. 20-жылдары А.Байтұрсынұлы термин комиссиясының тәрағасы бола жүріп, көптеген жаңа терминдерді салалық мамандармен қосыла талқылатап, оларды бекітіп, қолданысқа енгізді. Өзі басқарған комиссия бекіткен терминдерді сөздік түрінде бастырып шығарып, көпшілік қауымға, мамандарға ұсынды. 1926 жылы Қызылордада «Орысша-казакша әскерлік атаулары» (Русско-казакская военная терминология) 5000 дана таралыммен, 1927 жылы «Пән сөздері» 10 000 дана таралыммен басылып шықты. 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігі» де сол жылдардың жемісі. Оның бұл еңбектері *терминографияны* дамытудың алғашқы

ізденістері болумен бірге, *терминологиялық жұмыстарды* жүргізуін, оны бір орталықтан *басқару* мен үйімдәстүрудың, оның ішінде, терминологияны *бірізден-діру* мен оны *ретке келтірудің* де бастамасы еді. Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы төл терминдер мен кірме терминдерді ұлт тілінің фонетикалық, орфографиялық заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазудың, өзге тілдерден термин қабылдау мен термин алмасудың жолдарын, тәртібін атап көрсеткен ғалым. Бұл айтылғандардың барлығы да казіргі терминтану ғылыминың қолданбалы терминтану, семасиологиялық терминтану, ономасиологиялық терминтану деп аталып жүрген салаларының қарастыратын мәселелері. Ал А.Байтұрсынұлының 1926 жылғы Бакуде өткен Бірінші бүкілодактық туркология съезінде жасаған баяндамасында қазақ зиялышарының тер-минологияны жасауда қандай қағидаттарды басшылықта алып отырғандығын ортага салып, осы қағидаттарды өзге түркі халықтарының да басшылыққа алу керектігін ұсынуы – терминологияның сол кезенге тән даму үрдісін айқындалп, терминтанудың қай бағытта даму керектігін көрсету болып табылады. Бұл атаптандар – жалпы терминтану мен салғастырмалы терминтану ауқымында қарастырылатын мәселелер. Осы себептен де отандық терминтанудың пән ретінде қалыптасу тарихында Ахмет Байтұрсынұлының алатын орны айрықша болмак. Сөз болып отырған кезеңдегі терминологиялық лексиканың жасалуы мен қалыптасуына А.Байтұрсынұлымен замандаст Н.Терекұлұлы, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кеменгерұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Т.Шонанұлы сынды алаш зиялышарының да елеулі үлес қосқанын айту керек. Мысалы, Нәзір Терекұлұлы кірме терминдерді қабылдау, оларды ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп жазуға арналған «Жат сөздер туралы» (Мәскеу, 1926. – 38 бет) деп аталатын енбек жазса, 1924 жылы қазақ білімпаздарының тұнғыш съезінде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздер» (Қазақ білімпаздарының тұнғыш съезі. Орынбор, 1925. – 75-76.) деген тақырыпта баяндама жасап, терминология қағидаттарын съез қарауына ұсынған. Соңдай-ақ өзге атаптандар да көптеген салалық терминдерді жасап, термин мәселесіне арналған мақалалар жариялаган. ХХ ғасырбасындағы қазақ терминологиясының жай-куй туралы сөзеткенде 20-жылдарға дейін-ақ жарық көрген М. Әуезовтің «Қайсысын қолданамыз?» («Сарыарқа» газеті. 1917 жылғы қазанның 9-ы. №17) және «Ғылым тілі (научный термин)» деп аталатын («Абай» журналы. 1918 жыл, №7. 4-7 беттерде) мақалаларын атамай өтүте болмайды. Ғалымның бұл атаптандары терминдерді біріздендіру мен ұлттық ғылым тілінің болашағы туралы мәселе көтерген алғашқы жарияланымдардың бірі.

Осы кезеңде қазақ зиялышары бірнеше арнаулы саланың негізгі ұғымдарының атауларын ез тілімізде жасап, қолданысқа енгізді. Бұл істен қазақ оқығандарының ешқайсысы да шет қалмай, көпшілігі ондаған, бірқатары жүздеген қазақша жана терминдер жасаған. Олар маманданған салаларының ұғымдарын ұлт тілінде атап, кәсіби қызыметінде қазақ тілін көнінен пайдаланып, оны ғылым мен білімнің тілі ретінде дамытуды өздерінің төл міндеті санады. Қазақ тілінің қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын көңейтіп, ғылым тілін, терминологиялық лексиканы ұлттық тіл негізінде қалыптастыру, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамыту – бұл кезеңнің басты ерекшелігі болып табылады.

30-жылдардан бастап қазақ терминологиялық лексикасын қалыптастыру мен дамытудың жана кезеңі басталды. Бұл кезеңді «қазақ терминологиясы дамуының көңестік дәүірі» деуге болады. А.Байтұрсынұлы кезеңіндегі қазақ зиялышарының ғылым тілі мен терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған бағыттары мен

олардың негізге алған қағидаттары қатты сынға алынды. Олар ұлт тілінің дамуына үлкен нұқсан келтіретін, қазақ ұлтын совет халқынан оқшаулап кері тартатын «туркішіл», «пантуркішіл», «ұлтшылдық», «пуристік» бағыт ұстанды делініп, сол 30-жылдарға дейінгі жылдарда ұстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды. Ендігі жерде кеңес одағы халықтарына ортақ *жалтыкеңестік терминологиялық қорқуру мақсаты қойылды*. Одақты құрайтын барлық ұлттық республикалар орыс тілінің терминологиясын үлгі ете отырып, ұлтаралық тіл мәртебесіне ие осы тілмен ортақтығы мол терминологиялық қорқыншылдықтың қалыптастыру көзделді. КСРО-да терминологияның халықаралық сипаттың арттыруға баса мән берілді. Ұлттық республикалардың көпшілігі кеңестік тіл саясатына сәйкес белгіленіп отырган осы бағытқа қарай бетбұрыс жасады. Қазақстан да 30-жылдардан бастап ұлттық терминологиялық корын осы жаңа бағытқа сәйкес қалыптастыруды бірден қолға алып, осы іске белсene араласқан республикалардың бірі болды. Қазақ терминологиясын дамытудың осы кезең талаптарына жауап беретін жаңа қағидаттары белгіленді. Сөйтіп, барлық терминологиялық жұмыстар кеңестік тіл саясатының талаптарына лайықталып жасалған терминология қағидаттарына сай жүргізіле бастады. XXғасырдың 30-90 жылдары аралығын қамтитын 60 жылдай уақыт ішінде терминология дамуының негізгі бағытын белгілеп отырган мемлекеттің саяси курсы, оған негізделіп белгіленген тіл саясаты да айтарлықтай өзөрдің ұшыраған жоқ. Сол себептен де жалпы кеңес одағындағы терминологияны дамытудың бағыты, ұлттық республикаларда да сол бағыттағы жұмыстардың жүргізілу тәртібі мен бағдары да басқа арнаға бұрыла қоймады. Қайта жыл өткен сайын орныға түсті. Біздің қазіргі қолданыстағы терминологиялық қорымызды құрайтын терминдеріміздің елеулі белігі дәл осы кезеңде жалпыкеңестік терминкор қалыптастыруды мақсат еткен уақытта жасалып, қалыптастырылды. Соңдықтан да ұлттық терминологиялық қорымыздың даму, қалыптасу тарихындағы бұл кезеңнің өзіндік орны бар.

Қазақ терминологиясы дамуының бұл кезеңіне тоқтапғанда белгілі тілші ғалым Құдайберген Жұбанов есімін атамай ете алмаймыз. Ол 30 жылдардың басынан бастап, өзі жаппай күгін-сүргін күрбаны болған 1937 жылға дейінгі бірнеше жыл аралығындаған терминология саласында барынша өнімді жұмыс аткарды. Мемтерминком жұмысына басшылық етті, Мемлекеттік терминология комиссиясы Бюллетенінің торт санын шығарды. Онда әлеуметтік экономика, математика, физика, ботаника сияқты ғылым салаларының терминдері мен терминология, орфография мәселелеріне арналған мақалалар жарияланды. Ол ұсынған термиология қағидаттары 1935 жылы Мәдениет қызыметкерлерінің съезінде қабылданды. Ғалым ұсынған қағидаттардың ресми бекітілуі Казақстандағы терминологияны дамытудың жаңа бағытының лингвистикалық негізі бар дегенді зандастыру еди.

Ж.Молдажаровтың «К.Жұбанов еңбектері сол жылдардағы тіл құрылышы саласындағы идеологиялық күресті қорытындылайды» деген пікірінің негізі бар. Шындығында да солай. К.Жұбанов өз кезеңнің талаптарына жауап беретін жаңа қағидаттар жасап, оны съезде ресми бекіту арқылы қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңнің басталуына, ендігі жерде республикадағы терминологиялық жұмыстардың КСРО-ның белгілеп отырган тіл саясатына сәйкес жүргізілуіне негіз қалады. 30-жылдардың орта түсінан бастап термин жасау, терминдерді шет тілдерінен қабылдау, терминдерді жазу, бір сөзбен айтқанда барлық терминологиялық жұмыстар ғалым ұсынған қағидаттарды негізге ала отырып жүргізілді.

Тілші ғалым А.Әбдірахманов «Қ.Жұбановтың осы айтылған идеялары мен қағидалары тіл майданындағы күресте женіп шықты. ...интернационалдық терминдердің орыс тіліндегідей варианта жазылуы Қ.Жұбановтың дәйекті күресінің арқасында 1935 жылы республика Мәдениет қызметкерлерінің съезінде қабылданып, қазақ тілінің дамуы барысында өмірден бекем орын тепті. Сойтіп, Қ.Жұбановтың ғылым жолындағы табанды күресінің арқасында орфографияның негізгі мәселелері мен терминология программаларында нағыз төңкөріс жасалды, жаңа бағыт жүзеге асырылды» – деп жазады [2].

А.Әбдірахмановтың «ғалымның табанды күресінің арқасында орфографияның негізгі мәселелері мен терминология программаларында нағыз төңкөріс жасалды, жаңа бағыт жүзеге асырылды» деген тұжырымын сол кезеңдің шындығы ретінде қабылдаған орынды. Қ.Жұбанов жасаған қағидаттар көп ұлтты мемлекетті құраушы халықтардың тілдерін, олардың терминдерін қалыптастыруда көздел отырган мақсатына, жаңа заман талабына сай жасалды. Соңықтан да замана сұранысын ескере отырып жасалған бұл қағидаттар терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында ұзак жылдар бойы басшылыққа алынып келді. Кеңестік кезеңде терминология қағидаттары жөнінде әнгіме қозғап, өзіндік ұсныстарын айтқан ғалымдар болды. Н.Сауранбаев, С.Бәйішев, М.Балакаев сынды ғалымдар тарапынан жазылған қағидаттар жөніндегі мақалаларды солардың қатарына қосуға болады. Алайда бұл мақалалар Қ.Жұбанов қағидаттарының одан әрі орныға түсүіне, осы саладағы жұмыстарды нақтылай түсуге септігін тигізгенімен, терминдер қалыптастыруды ұстанып отырган бағытымызды өзгерте қойған жоқ. Ондай өзгерістерді уақыттың өзі де қажетсіне қоймап еді. Сонымен терминология дамуының бұл кезеңінде қазақ совет тіл білімінің көрнекті өкіл профессор Құдайберген Жұбанов жасаған қағидаттар жалпысоветтік терминдер қалыптастыру бағытындағы терминологиялық жұмыстарды жүргізуде бағдар беруші негізгі ғылыми лингвистикалық құжат ретінде басшылыққа алынды. Қазақ тілінің бүтінгі қолданыстағы терминдерінің елеулі бөлігі кеңестік кезеңде осы қағидаттарға сүйене отырып жасалды, өзге тілдерден қабылданың және жазылды. Сол себепті қазақ терминологиясының даму тарихында Қ.Жұбановтың, ол жасаған қағидаттардың өзіндік орны бар.

30-90 жылдары Қазақстанда терминтану пән ретінде карқынды дамыды немесе терминтанудың теориялық, әдіснамалық, әдістемелік негізі жасалды, отандық терминтанудың ғылыми мектептері қалыптасты, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы дамытылды деп айта алмаймыз. Алайда бірқатар практикалық жұмыстардың жүргізілгенін, терминологиялық сөздіктер жасалғанын, терминдерді колдану мен біріздендіруге көтүстік макалалардың жарық көрғенін айту керек.

Сөз болып отырган кезеңде Ә.Қайдаров, К.Мұсаев, Ә.Айтбаев, Т.Жанұзаков, А.Әбдірахманов, Ж.Молдажаров сынды тілші ғалымдар мен Ә.Сатыбалдиев Е.Аққошқаров сияқты сала мамандарының термин мәселелеріне арнал қалам тартқан өзге де авторлардың жекелеген ғылыми және ғылыми-көпшілік макалалары жарық көрді. Ал арнайы зерттеулерге келер болсақ, Г.Қошқарбаев (1949), Т.Мұсакұлов (1958), М.Исамбаев (1961), Е.Рамазанов (1964), М.Нұғыманов (1966), Ж.Молдажаров (1972), С.Жансейітова (1989) сынды сануалы мамандар ғана терминология мәселелері бойынша кандидаттық диссертацияларын қорғады. 1986 жылы «Қазақ терминологиясының мәселелері» атты макалалар жинағы, 1988 жылы Ә.Айтбаевтың «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» деп аталатын

зерттеу енбегі басылып шықты. Көптеген терминологиялық сөздіктер баспа бетін көрді. Олардың катарына 1948-49 жылдары және 1962 жылы Фылым академиясы шығарған терминологиялық сөздіктер толтамасы мен одан өзге де жеке авторлардың, авторлар ұжымының шығарған сөздіктерін жатқызуға болады.

Аталған кезенде жасалған терминдердің саны мен сапасын, ұстанған жолымыз берілген жұмыстардың жетістігі мен кемшіліктерін аныктап, терминология саласындағы алдағы атқарылатын жұмыстарымызда оларды ескеріп, жақсы тәжірибелерін іске жаратып, кемшіліктерін қайталауда үшін бұл кезең әлі де жан-жақты зерттелуі кажет.

Сонымен, бұл кезенде терминологияны халықаралықтандыру бағытына басымдық беріліп, КСРО халықтарына ортақтығы мол жалпыненестік терминологиялық қор қалыптастыру көзделді. Жекелеген республикаларды есептемегендеге, одақты құраған халықтардың басым көпшілігі терминологиясын қалыптастыруда орыс тілін үлгі тұтып, дайын термин қабылдайтын негізгі сыртқы көз ретінде де орыс тіліне жүтінді. Бізде де солай болды. Нәтижесінде лексикалық құрамы жағынан орыс тілімен ортақтығы мол, терминдердің айтылуы мен жазылуы тұрғысынан да одан айырмашылығы мейілінше аз терминкор қалыптастырылды. Ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тоқырауға ұшырап, терминжасам тәсілдері жетілдірілмеді. Номендер мен өзге арнаулы лексемаларға да осы сипат тән екендігін айтуда керек. Ал отандық терминнануды пән ретінде дамытып, бұл саладағы іргелі ғылыми зерттеулерді жүргізу назардан тыс калып келген десе де болады.

Аяқталған ғасырдың 90-жылдарынан бастап Қазақстанда терминология дамуының жаңа кезеңі басталып, ол өз кезеңінде теминтанудың практикалық, ғылыми-әдістемелік және теориялық мәселелерін зерттеуге тың серпін берді. КСРО-ның іргесі сөгіле бастаган 80-жылдардың аяғынан бастап, сол кезеңдегі терминологияны қалыптастыру бағытындағы атқарылған істерге жаңаша қарап, басқаша бағамдау көрініс бере бастады. Ал кеңес одағының ыдырауы, 90-жылдары қоғам өмірінде болған түбектердің өзгерістер үлт тілдерінің дамуын жаңа бір биікке көтерді. Тәуелсіздігін жариялаған әр ұлт өз тілінің тағдырына, оның дамып өркендеуіне үлт мұддесі тұрғысынан қарай бастады. Әліпби, орфография, терминология, ономастика, тілді үретудің әдістемесі сияқты мәселелерге айрықша қоюлғанда, үстем тілдің ықпалы күшті болған кезеңдегі бұл салалардағы орын алған кемшіліктер айқындалды. Оларды түзетіп, үлт тілін дыбыстық, құрылымдық және сөздік құрам тұрғысынан өз ерекшеліктері мен зандалықтарын сақтай отырып дамытуға соңғы жылдары көп қоюлғанда бөлінді. Тәуелсіз мемлекеттің, егемен елдің мемлекеттік тілі ретінде қазақ тіліне қоғам өмірінің сан түрлі саласында қолданылу мүмкіндігі беріліп, соған сейкес оған қосымша міндеттер де жүктелді. Термин қолданылмайтын адам қызметінің саласы болмайтындықтан әсіресе, терминология мәселелеріне ғылыми қауымның, түрлі сала мамандарының, жалпы жүргіштердің назары айрықша ауды. Қазақ тілі білім беру, зан шығару, іс жүргізу, түрлі ақпараттар тарату тіл ретінде қоғамдағы қызмет аясын көнештүй үшін сол сан түрлі салалардағы ұғымдарды дәл бейнелеп, көсіби, реесми қарым-қатынастарды қамтамасыз ете алатын тіл болуы керек. Ал ол үшін оның терминжасам тәсілдері жетілдірілген әрі тұракты түрде жұмыс істеп тұратын, терминдер жүйесі қалыптасқан, терминологиялық лексикасы нормаланған тіл болуы кажеттігі сөзсіз. Көнестік дәүірде ұзак жылдар бойы қоғам өмірінің көптеген салаларындағы қызметі шектеліп, үздіксіз түрде жүргізіліп отыруға тиіс терминологиялық жұмыстар өз деңгейінде қолға алынбай келген

тілдің мұндай талаптарды бірден мұлтқсіз аткарып кете қоюы оңайға сокпасы белгілі. Сондықтан да кезінде жіберілген кемшіліктерді түзетіп, аткарылмаған істерді көсіби деңгейде қолға алып, терминологияны ұлт тілінің мұддесіне сәйкес жетілдіре тусу міндетті туындағы. Бұл іске тіл мамандары да, терминтанушылар мен пән мамандары да белсene ат салыса бастады. Олар зиялдықтауда, ғалымдар мен түрлі сала мамандарына ұлт тілін ғылым-білімнің, техниканың, өнер мен мәдениеттің, ел басқару мен заң шығарудың тілі ретінде дамытып, қолданыс аясын көңсітіп, уақыттың өзі жүктеп отырған міндетті аткаруға тиіс екендігін жақсы түсінді. Термин мәселесіне барынша араласушылар, мақалалар жазып, жекелеген терминдер мен терминоологиялық сөздіктер жасаушылар, диплом жұмыстары мен диссертациялар қорғаушылар саны дәл осы кезеңде күрт өсті. Бұл қогам өмірінде болған тубегейлі езгерістерге сәйкес ұлттық сананың оянуына байланысты көрініс берген табиғи құбылыс. Мұндай процесс бодандықтан босап, отарлық құрсауынан шыққан елдердің барлығына дерлік тән нәрсе. Тек отарсыздану (деколонизация) әр елдің нақты жағдайына байланысты түрлі деңгейде, әртүрлі қарқынмен жүргізілуі мүмкін. Отарсыздану елдің саяси-экономикалық, мәдени деңгейі мен әскери қуаты сынды факторларға тәуелді болатыны сияқты тіл саласындағы ұлттық бағытта даму да сол елдегі қалыптасқан тілдік ахуалмен тікслей байланысты.

КСРО кезінде терминологияны халықаралықтандыру бағытына басымдық берілді. Көп ұлтты алып мемлекеттің тұгастығын күштейтіп, түрлі салалардағы мамандардың көсіби қарым-қатынасын жеңілдетіп, тілдік бөгетті жою үшін де бұл бағыт қажет болды. Сондай-ақ ең бастысы қогам өмірінің, арнаулы салалардың барлығындағы орыс тілінің үстемдікке ие болуы үшін де халықаралықтандыруға мақсатты турде көніл бөлінді. Кенес одағында терминологияны халықаралықтандыруда да отарлау саясатына тән сипат болды. Оны мынандай факторлардан айқын көрүте болады. Мысалы, кеңестік республика халықтарының орыс әліп-біне көшіріліп, халықаралық терминдер мен *большевик*, *коммунист*, *колхоз* сияқты жүздеген советизмдер мен руссизмдерді орыс орфографиясына сәйкес жазудың міндеттелуі соның айқын көрінісі. Одақ құрамына кірген көптеген ұлттар терминдерді өз тілдерінің фономорфологиялық зандаулықтарына сәйкестендірмей, дәл орыс тіліндегі қалпында қабылдан, солай жазып-айтуна тұра келді. Сондай-ақ итернационализмдер мен советизмдерді аударуға да тыйым салынды. Соның нәтижесінде ұлт тілінің төл зандаулықтары бұзылды және терминологиялық аударматежеліп, жалпы терминшиғармашылығының дамуына тосқауыл қойылды. 90-жылдары тәуелсіз республикалардың пайда болуына байланысты ұлттық сананың оянуы отарлау саясатымен астасып жүргізілген терминологияны халықаралықтандыру (*интернационализация*) бағытына қарама-қарсы терминоло-гияны ұлт тілінде жасау, бұрынғы қабылданған терминдерді ұлт тіліндегі баламамен алмастыру (*деинтерна-ционализация*) бағытының еріс алуына жол ашты. Соның он-он бес жыл ішінде көптеген терминдердің аударылып, бірқатар терминдердің жазылуына өзгеріс енгізілуі осы үрдістің жандана бастағандығының дәлелі бола алады. Жалпы кеңестік терминкор құру мақсатын көздең, терминологияны халық-аралықтандыру бағытын ұстанған кезеңде мұндай әрекетке жол берілмес еді. Егер жол беріле қалса, онда ол ұлтшылдықтың белен алғандығы, туризмге жол берілгендігі ретінде бағаланып, оған қарсы қатаң шаралар қолданылар еді.

Сонымен 90-жылдардан бері көрініс бере бастаған ұлт тілінде жасалған терминдерге басымдық беру бағыты ұлттың өз дербестігін, ұлттық ерекшелігін сақтауга бет бұруымен байланысты туындалп отырған табиғи құбылыс. Тәуелсіздік алған

елдерде отарсыздану процесінің жүргізілуі қандай занды болса, соның ішінде ұлт тілінің ғылым саласындағы, терминологиядағы деинтернационализация процесінің өріс алуы да сондай занды. Дәлірек айтқанда, терминологияның ұлттық сипатын арттыруға ұмтылу сол отарсызданудың тілдегі бір көрінісі. Мәселен, ономастика саласында жүздеген топонимдердің (кала, аудан, ауыл, көше, станция атаулары) тарихи немесе жаңадан жасалған атаулармен алмастырылуы, аты-жөндерін ұлттық үлгіде жазып, жаңа туылған балаларға жаппай қазаша ат қою түрінде көрініс берсе, терминологияда ол жүздеген жаңа терминдердің жасалуы, өзге тілден енген терминдердің төл атаулармен алмастырылуы түрінде көрініс тауып отыр. Осындай табиғи процестің жүріп жатуы терминтанудың пән ретінде дамуына да әсер етпей қоймады.

Бір жағынан ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жаңдануы мен термин-корды қалыптастыруға деген көңестік көзқарастың өзгеруі терминологияның дамуының қазіргі заманға сай жаңа бағытын белгілеуді қажет етсе, екінші жағынан жарыспалы нұсқалардың көбеюі, бірізділіктің, тілдік норманың сақталмауы, терминжасам, терминдерді қолдану мен оларды аудару, терминологиялық сөздіктер жасау барысында кемшіліктердің орын алуы терминологияның практикалық әдістемелік мәселелерін шешуді, терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізуі қажет етіп отыр. Осындай қажеттіліктердің пайда болуы, ұлт тіліндегі терминдерді реттеу мен жүйелеуге деген талаптың артуы – терминологияны өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне шығарып, бұл саланың теориялық, практикалық мәссе-лелерін ғылыми тұрғыдан арнайы зерттеуді, терминтанушы, терминші мамандар даярлауға сұранысты да туғызыды [3].

Бұл кезеңде терминтану мәселелерін арнайы зерттеуге едәуір көніл бөліне бастағаны байқалады. Терминтану мәселелерін арнайы қарастырган Ә.Қайдар, Ә.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы, Е.Әбдірәсілов сының тіл мамандарының зерттеу еңбектері, мақалалары жарық көрді. Оқу құралдары мен әдістемелік құралдар (Ш. Құрманбайұлы, С.Әлісжанов) жарияланды. Тілшілер мен салалық мамандар арасында байланыс бұрын да болған, сол байланыс осы кезеңде бұрынғыдан да жаңдана түсті. Терминология мәселелеріне арналған конференцияларға, семинарлар мен дәңгелек үстелдерге сала мамандары шақырылып, олардың ұсыныс-пікірлері ортаға салынды. Терминологияны реттеудің көптеген мәселелері бірлесіп талқыланды. Тіл мамандары мен салалық мамандар бірлесіп бірқатар терминологиялық сөздіктер жасады. Тілшілер терминология мәселелерін зерттеуге ынта білдірген салалық мамандарды, тіл білімі институтына қызметке тартты, ғылыми жобаларға қатыстырып, диссертациялық тақырыптар берді. Олардың арасында тіл мамандарының ғылыми көнеспілігімен диссертация қорғаандар да болды. Ә.Айтбайұлының көнеспілігімен математик (физика-математика ғылымдарының кандидаты) Ш.Біләл 1997 жылы «Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру» деген тақырыпта, 2002 жылы Ә. Қайдардың көнеспілігімен химик (химия ғылымдарының кандидаты) С.Ақаев «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. Жалпы 90-жылдардан бастап, көңестік кезеңдегімен салыстырганда терминтану саласындағы зерттеулер саны күрт өсті. Соңғы он шақты жыл көлемінде екі тіл маманы Ә.Айтбаев (1992), Ш.Құрманбайұлы (1999) және жоғарыда аталған екі салалық маман терминология мәселелері бойынша докторлық диссертация қорғады. Филологиялық білім алған жиырма шақты маман кандидаттық диссертация қорғады. Сан мен сапаның сәйкесе

бермейтінін ескерсек те, терминология мәселелеріне тілді тұтынушы көпшілік, түрлі сала мамандары тарарапынан сұраныс туындал, соған сәкес оған ғылыми қауым тарарапынан мән беріліп отырғаны анық. Терминтану бойынша зерттеулер санының артуы бұл салада ғылыми тұрғыдан шешімін табуга тиіс өзекті мәселелердің көп екендігін де білдіреді. Сонымен қазір терминтану саласындағы ғылыми ізденістер жалғасын тауып жатыр. Бірақ әзірге Қазақстанда терминтану теориясына, оның ғылымдар жүйесіндегі орнын анықтауға немесе терминологияны зерттеудің жана бағыттарын белгілеуге бастайтын үлкен жаңалық алғып келген іргелі зерттеулер көп жарық көрді деп айтуга ерте. Біздегі зерттеулердің дені салалық терминдердің жасалу тәсілдерін, өзіндік ерекшеліктерін, оларды реттеудің жолдарын анықтауға арналған сипаттамалық тұрғыда жазылған диссертациялық жұмыстар. Терминтану тарихының беттерін толықтыруға қажет болатын шолулар мен дерекнамалық еңбектер. Олардың арасында да салалық терминологияларды реттеуге септігін тигізу жарайтын тұжырымдар, нақты ғылыми нәтижелер де бар екендігін жокқа шыгаруға болмайды. Алайда бұл саладағы зерттеулерді жана сапалық деңгейге көтеру қажеттігі анық байқалып отыр. Қазіргі терминтану саласындағы ізденістердің ғылыми нәтижелері ретінде қазақ терминологиясының XX ғасырдағы даму кезеңдерін, әр кезеңнің өзінсө тән сипаттын анықтау, терминжасамның тәсілдері мен терминкор қалыптастырудың көздерін атап көрсетіп, қазақ терминологиясының кешегі қалпы мен бүтінгі жай-куйіне баға берген, термиңорды қалыптастырудың ұстанатын ғылыми қағидаттарды анықтаған, терминологияны жетілдіруде, терминологиялық жұмыстарды орын алған кемшиліктерді көрсеткен ғылыми-теориялық, қолданбалы, әдістемелік еңбектерді атап айтуга болады [4].

Әлемнің бірқатар елдерінде терминтанудың пән ретінде дамуының өзіндік тарихы бар. Мысалы, Австрия, КСРО (оның ішінде Ресей, Украина, Балтық жағалауы елдері), Чехословакия (қазіргі Чехия мен Словакия), Канада, Польша, Скандинавия елдері (Норвегия, Финляндия, Швеция), Нидерланды, Испания, Франция сияқты елдерде терминтану мәселелері жақсы зерттеліп, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге көп көңіл бөлініп келеді.

Шет елдердегі терминтанудың даму және қалыптасу тарихы туралы сөз болғанда алдымен австриялық ғалым О.Вюстердің есімі аталады. Ол 1931 жылы «Техника, оның ішінде, электроника тілін халықаралық нормалау» деген тақырыпта жазылған докторлық диссертациясын жариялады. Оның осы еңбегі терминология теориясын жасаудың алғашқы ізденісі, 1930-жылдары шет елдердегі термин туралы ғылымның негізін қалауға бастаған еңбек деп саналады. Терминтанудың негізін қалаған ғалым О.Вюстер австриялық (немесе австрия-германиялық) терминтанушылар мектебіне жетекшілік етті.

Бұл мектеп термин мен терминологиялық жүйенін логикалық жағына, яғни, ұғымдардың табиғатына, олардың өзара қатынасына, қасиеті мен ұғымға берілген анықтамаға (дефинициясына), сондай-ақ терминдерді стандарттаудың практикалық мәселелеріне, әсіресе, терминологияны халықаралықтандыруға баса мән бергендейгімен ерекшеленеді.

О.Вюстер Стандарттаудың ұлттық органдар халықаралық федерациясына (қазіргі Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым ICO) кіретін Терминология жөніндегі техникалық комитетті құрудың бастамашысы болған. Оның бастамасымен 1971 жылы ЮНЕСКО жанындағы Терминология жөніндегі халықаралық ақпараттық орталық – ИНФОТЕРМ құрылған. О.Вюстер кайтыс болғаннан кейін

Инфотермді терминология теориясы мен халықаралық ынтымақтастыққа көп еңбек сінірген ғалым профессор X. Фельбер басқарды. Ол бірінші халықаралық оку құралының авторы. Бұл мектептің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар К. Галинский, В.Недобиты, Г.Будин [5].

Ресейлік бірқатар терминтанушылар мен канадалық Г. Рондо сияқты кейір ғалымдардың терминтану пән ретінде КСРО-да қалыптасты дегеніне қарамастан, хронологиялық жағынан да, алғашқы ғылыми еңбектердің жарияланып, терминтану дың ғылыми пән ретінде зерттеле бастауы мен терминологиялық жұмыстардың қолға алынуы тұрғысынан да Австрия терминтану мектебінің ізденістерін алдымен атаған орынды.

Австриялықтардан кейін ізінше КСРО терминтану мектебі қаркынды дами бастиды. Біздіңшіе, оған сол жылдарда Австрия мен Чехословакия елдеріндегі терминтану саласында атқарыла бастаған істер белгілі дөрежеде ықпал етті.

КСРО терминтану мектебі деп аталғанымен сол одакты құраған республикалардың бәрінде терминология мәселелері жан-жақты зерттеліп, терминологиялық жұмыстарды жүргізу жоғары деңгейде жүзеге асты деуге болмайды. Ұлттық республикалардың көпшілігінде терминологиялық комиссиялар құрылып, ғылыми зерттеу институттарының құрамында терминология бөлімдері сияқты құрылымдар жұмыс істегенімен олардың жұмысының нәтижесі көрінбеді. КСРО-ны құраған республикалар ішінде барлық жағынан өзгелерге үлгі ретінде ұсынылған Ресейде терминологиялық жұмыстарға үлкен мән беріліп, оларда терминтану мектебі қалыптасты. Украина, Балтық жағалауы елдері сияқты республикаларда біршама ғылыми ізденістер мен практикалық жұмыстар атқарылды, жекелеген ғалымдардың ғылыми еңбектері жарық көрді. Бірақ олардың жалпы қолемі мен ауқымы Ресейдегімен салыстырғанда әлдеқайда аз еді.

Ресейлік терминтанушы ғалымдар олардағы терминтану теориялық негізі тіл құрылышы мен жазуды, ұлт тілдерін дамытуды жоспарлау бойынша атқарылған жұмыстар аясында 1930-жылдардан бастап қалана бастиды деп санайды. 1933 жылы С.А.Чаплыгин мен Д.С.Лотте сынды ғалымдардың ұсынысымен Техникалық терминология комиссиясы құрылды. Кейіннен бұл комиссия – «Ғылыми-техникалық терминология комитеті» болып қайта құрылды. Қазір бұл комитет – «Ғылыми терминология комитеті» деп аталады. КСРО ғылым академиясы жаңынан құрылған бұл комитеттің негізгі міндеті терминология теориясы мен терминологияны реттеудің әдіснамасын жасау болды. Қенестік терминтану мектебінің негізін қалаушылардың бірі саналатын Д.С.Лотте терминологиялық жұмыстарды жүргізуін әдіснамалық негізін қалай отырып, терминологияны реттеудің жалпы қағидаттарын белгіледі жөне тұнғыш рет терминге қойылатын талаптарды анықтады. Терминтанушы ғалымдар оның осы еңбектері мен Э.К.Дрезенниң еңбектері, Г.О.Винокурдың мақалалары, кейінірек жарияланған А.А.Реформатскийдің мақалалары қенестік терминтану мектебінің негізін қалауды деген тұжырым жасайды.

Ресейдегі терминтанудың келесі кезеңі 40 жылдардың аяғы мен 60 жылдардың сонына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде негізінен терминнің мөртебесі төніре-гінде Реформатский А.А., Капанадзе Л.А. және басқа да ғалымдар арасында қызыу пікірталас орын алған. Терминология тарихына арналған Л.Л.Кутина, П.Н.Денисова, А.С.Герд, Е.Д.Коновалова еңбектері, терминтанудың логикалық аспектісін зерттеген Е.К.Войшвилло, Н.И.Кондаков, Д.П.Горский және терминдер-ді аударуға арналған Э.Ф. Скороходсько еңбектері жарық көрген. Бұл Ресей тілші-лерінің терминология мәселелеріне шындалп қоюл бөле бастаған кезеңі деп есептеледі.

70-жылдардан бастау алған келесі кезең терминтанудың нағыз кең қанат жайып, аймақтық терминтану мектептерінің пайда болған уақыты деп көрсетіліп жүр. Одақтың астанасы болған Мәскеуде терминтану саласындағы негізгі ғылыми жұмыстар КСРО ҒА-ның ғылыми-техникалық терминология комитетінде Д.Лоттенің ізбасарлары А.М.Терпигорев, В.С.Кулебакин, В.И.Сифоров және Н.К.Сухов, С.И.Коршунов, К.А.Климовицкий, Э.А.Нагансон, Т.Л.Канделаки, Г.Г.Самбурова, В.Ф.Журавльев сынды ғалымдар тараҧынан жүргізілсе, екінші үлкен орталық Мәскеу мемлекеттік университетінің (МГУ) филология факультетінде П.Н.Денисов, В.П.Даниленко, В.М.Лейчик, В.Н.Прохорова, П.В.Веселов, Р.С.Саголова сынды ғалымдар зерттеулер жүргізіп, Г.Н.Агапова, Н.Б.Гвишиани, М.М.Глушко, С.В.Гринев, В.Л.Налепин сынды ғалымдар кіретін профессор О.С.Ахманованың мектебі қалыптасқан.

Осы кезенде Л.Л.Кутина, Ф.П.Сороколетов, Е.Д.Коновалова, А.С.Герд, А.И.Моисеев сынды ғалымдар негізін қалаған Ленинградтық терминтану мектебі, Б.Н.Головин мен РЮ.Кобрин, В.Н.Немченко, К.А.Авербух сынды ғалымдар кіретін Горький терминтану мектебі, С.З.Иванов, Е.С.Аношкин бастаған Воронеж терминтану мектебі пайда болған. Сібір мен Оралда да зерттеулер жүргіzlген.

Ал 80-жылдардың басынан бастап, терминография теориясын жасауға бағытталған (Шайкевич, А.С.Герд, С.В.Гринев, Ю.Н.Марчук); терминологиялық редакциялаудың қолданбалы және терминтанудың философиялық жән әлеуметтік лингвистикалық (В.М.Лейчик, С.Е.Никитина), салғастырмалы, гносеологиялық мәселелері зерттеле бастады.

90-жылдардан бастап терминтанудың когнитивтік, ақпараттық (М.Н.Володина, Л.В.Ивина) және мәтінмен байланысты мәселелерін зерттеуге арналған жұмыстар жарық көрді.

Сөйтіп, КСРО кезінде бастау алған терминтану саласындағы зерттеулер саны жыл өткен сайын артып, Ресейде терминтанудың үлкен ғылыми орталығы қалыптасты. Бұл орайда А.Суперанская, Н.Подольская, Н.Васильева сынды ғалымдардың «Әлемде XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап бар терминдерді реттеу мен жаңа терминдерді жасауда елеулі жұмыстар атқарып келе жатқан екі ірі терминологиялық орталық бар. Олар Австрия мен КСРОда» – деуінің негізі бар [6].

Қазіргі уақытта да Ресей ғалымдары терминтану саласындағы сол басымдығын сақтап қалып отыр. Себебі оларда қалыптасқан ғылыми мектеп және сол мектептен тәрбиленіп, өсіп шыққан терминтанушы ғалымдар шоғыры бар.

Прага терминтану мектебі де атаптап кейінгі үлкен ғылыми орталық ретінде мойындалады. Прага лингвистикалық үйрмесінің негізінде қалыптасқан бұл мектеп терминдердің мәтіндердегі қолданысына мән бере отырып, терминологиялық лексикаға функциональдық және әлеуметтік мәдени тұрғыдан келетіндігімен ерекшеленеді. Ғылым тілін зерттеу оларда тілді мәдениет, өркенист пен технология саласындағы катынас құралы ретінде қарастыра отырып жүргізледі. Прага терминтану мектебінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар чехиялық Л.Дрозд бен словакиялық Я.Горецки.

Прага мектебінің Австрия және КСРО терминтану мектептерінің басты өзгешелігі – олардың ұлттық терминкор құру бағытын ұстанғандығы. Кеңес одағының терминтану мектебі де О.Вюстер негізін қалаған австрия-германиялық терминтану мектебі де терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып отырғанда олардың арасында орналасқан Прага терминтанушылар мектебі латын-грек және неміс

терминдерінің орнына ұлттық, славяндық терминдер жасауға басымдық берді. Бұл жағынан олар француздар мен француз тілді Канада терминтанушылар мектебіне ұқсайды. Қазақстанда бұл бағыт 20-жылдары алаш зиялыштары қауымдастып ендек еткен, терминкор қалыптастыру ісінің басында Ахмет Байтұрсынұлы тұрган кезеңде басымдықта ие болғаны белгілі.

Терминтану саласындағы жұмыстар жақсы атқарылып жатқан елдердің бірі – Канада. Канадада терминтанушылар ең алдымен терминнің лингвистикалық мәселелеріне көп көніл бөледі. Мысалы, түрлі тілдердегі терминдерді аудару мен салғастыру, терминжасам, терминологиялық деректер қорын жасау т.б. Терминжасам мәсесесі Г.Рондо «Неонимия» (терминтанудың саласы) деп атауды ұсынған тылым аясында қарастырылады.

Скандинавия елдерінде де терминологиялық жұмыстар қарқынды жүргізіліп, терминтанушыларды дайындау дұрыс жолға қойылған. Онда Х.Пихт сияқты ірі терминтанушы ғалымдар жұмыс істейді.

Терминтануды дамытуда елеулі жұмыстар атқарып отырған Польшада С.Гайда, В.Новицки, З.Строберски сияқты белгілі мамандар қызмет етеді.

Жалпы қазір әлем елдерінің барлығында дерлік терминологиялық орталықтар құрылған. Терминтанушы ғалымдар әлемде тылымы терминологиясы дамыған 60 тіл (ағылшын, неміс, орыс, француз, итальян т.б.) бар деп жүр. Ол дегеніміз – әлемнің сол 60 елінде терминологиялық жұмыстар жоғары деңгейде жүргізіледі дегенді білдіреді. Терминологиялық жұмыстарды жүргізуі жолға қоймайынша, дамыған, жетілдірілген, қоғам өмірінің түрлі салаларындағы ақпарат алмасу мен қосаби қарым-қатынасты қамтамасыз етуге жарайтын терминология қалыптастыру ете қыын шаруа. Түркі халықтарының ішіндегі ең бай тіл деп саналатын қазақ тілінің терминологиясын әзірле ғалымдардың ешқайсысы дамыған деп көрсетпейді. Енде-ше, қазақ терминологиясын жетілдіру қазақ зиялыштарының, тылымы қауым-ның, әсіресе, тілшілер мен бүкіл салалық мамандардың алдында тұрган зор міндет [7].

Әлемнің терминтанушы ғалымдары мен терминтану орталықтарының арасында тығыз байланыс орналасып, олардың арасындағы ақпарат алмасу, тәжірибе белісү әлі де өз деңгейінде жолға қойылмаған. Өзге елдердің терминтану орталықтары мен халық-аралық терминологиялық органдарымен байланыс орнату бізде мүлде қолға алынбай отыр деуге болады. Қазіргідей ақпараттық-технологиялық мүмкіндіктер мол уақытта бұлай болуы үлкен кемшілік. Соңдықтан да дүниe жүзі елдерінің терминологиялық орталықтарымен еларалық, халықаралық байла-ныстарды орнатып, терминтану саласындағы әлем ғалымдарының іргелі тылымы енбектерімен дер кезінде танысып отыру арқылы терминологиялық жұмыстардың жоғары деңгейде жүргізілуіне, отандық терминтанудың дамуына мүмкіндік туғызы аса қажет іс болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Әбдірахманов А. Термин қалыптастыру тәжірибесінен // Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986. – 65-71 бб.

[2] Кайдаров Ә.Т., Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жайы және міндеттер//Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы, 1986. – 9-30-6.

[3] Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының көзөндік сипаты. – Астана, 2002. – 184 б.

- [4] Жандар Керімбектің Ермаханы. Атаутанудың мыңжылдық тарихы бар // «Қазақ әдебиеті» 2005, желтоқсан  
[5] Гринев С.В. Введение в терминоведение. 1993. - 298 с.  
[6] А.Суперанская, Н.Подольская, Н.Васильева Общая терминология 19897 - 243 с.

МРНТИ 16.01.00

### Ж.Тұрғынбаева

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
кіші ғылыми қызметкері, Алматы қаласы, Қазақстан

## ҚАЗАҚ АНТРОПОНИМДЕРІ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

**Аннотация:** Соңғы жылдары тілдің антропонимдік жүйесіне деген қызығушылықтың артуын оның тұлға мен ұлттың мәдени бірлігін құраудағы маңызымен түсіндіруге болады. Антропонимдік жүйе қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени тұрғыдан дамуымен тығыз байланыста өрбіп, ұлттық мәдениетті көрсетуши құрал ретінде бағаланады, әлеуметтік сипаты жағынан да зор қызмет атқарады.

Макалада қазақ есімдерінің көгам өмірінде алатын орны, тіл біліміндегі зерттеу объектісі ретінде өрнек, қазақ азаматтарының аты-жөнін рәсімдеу мәселелері қарастырылады.

**Тірек сөздер:** ономастика, антропоним, орфография.

### Ж. Турғынбаева

младший научный сотрудник Института языкоznания им. А. Байтұрсынова,  
Алматы, Казахстан

## СОЦИАЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КАЗАХСКИХ АНТРОПОНИМОВ

**Аннотация.** В последние годы повышение интереса к антропонимической системе языка объясняется его значением в создании культурного единства личности и нации. Антропонимическая система имеет тесную связь с социально-экономическим, культурным развитием общества, оценивается как средство, представляющее национальную культуру, также играет важную роль с точки зрения социального характера.

В статье рассматривается место, роль антропонимов в обществе и как объект исследования в языкоznании, а также важность правильного оформления фамилии и имен лиц казахской национальности в соответствии с нормами казахского языка.

**Ключевые слова:** ономастика, антропоним, орфография.

### J. Turgynbaeva

Junior researcher at the A. Baitursynov Institute of Linguistics,  
Almaty, Kazakhstan